



ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ, 1-БӨЛІМ

Авторлық құқықпен байланысты
құқықтар





Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім
Дәріс: Авторлық құқықпен байланысты құқықтар
Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

Екінші Дүниежүзілік Соғыстан бергі интеллектуалдық меншік құқығының дамуы, интеллектуалдық меншіктің жаңа формаларының дамуымен тығыз байланысты. Бұл тарауда, біз, өзара байланысқан, бірақ авторлық құқық туралы заңның аясынан тыс әрекет ететін бірқатар режимдерді қарастыратын боламыз: орындаушылар құқықтары; мәліметтер базасы құқығы; техникалық қорғаныс шараларымен байланысты құқықтар және ақпаратты басқару құқықтары; көпшілікке жалға беру құқығы; droit de suite немесе өнер иесінің қайта сату роляти құқығы. Сонымен қатар, жаңалықтар баспагерлерінің құқығы туралы ағымдағы ұсынысты қарастыратын боламыз.

Инструменттерде ойнайтын, өлең оқитын және пьесаларда ойнайтын адамдардың қосып жатқан шығармашылық немесе мәдени үлестері бұрыннан бері бағаланғанымен, орындаушылардың құқықтары интеллектуалдық меншік заңында атүсті қарастырылған. Шын мәнінде, жиырмасыншы ғасырдың басындағы технологиялық өзгерістер (атап айтқанда, дыбыс жазбасы мен радиотрансляция) пайда болғанға дейін орындаушылардың құқықтарының бұзылуына еш қауіп болмаған. 1925-жылы, орындаушылардың фиксация мен орындаушылықтарының пайдалануын бақылау құқығын адамдар бұзбас үшін, қылмыстық санкциялар енгізеді.

Авторлық құқық туралы заңның аясына орындаушылар кіреді деп күтілгенімен, орындаушылар «тиісті» құқықтардың аясында қарастырылатын, олардың қатарына, авторлар, композиторлар және драматургтер кірді. Авторлар мен композиторлар бастапқы туындыларды дүниеге келтіреді, ал орындаушылар оларды аударды немесе интерпретациялайды деп қабылданып келді. Орындаушылардың Берн Конвенциясына кірмейтінінен (фонограмма продюсерлері және трансляциялаушы ұйымдармен бірге), олардың статусы екінші дәрежелі болғанын байқауға болады.

Ақырында, орындаушылардың лобби әрекеттері ақталып, 1988-жылы қабылданған Авторлық құқықтар, Дизайндар және Патенттер туралы заң (CDPA 1988) бойынша оларға орындаушылықтарының жазбаларын бақылау құқығы (және өзге де аралас құқықтар) берілді. Құқықтар басқаға берілмейтін болғандықтан, олар «мүліктік емес» құқықтар деп сипатталды. Сонымен қатар, 1988-жылы қабылданған заң продюсерлерге, орындаушылықты жазып алуға айрықша келісімшарттар жасағанда белгілі бір құқықтар берді.

Қорағалатындар: драмалық орындаушылық (би мен пантомима), музыкалық орындаушылық, оқулар мен әдеби туындылардың декламациясы, сонымен қатар «варьете немесе тура сондай кез-келген қойылым». Бұл анықтама аясына көрерменнің алдында қойылым қою, камера алдындағы сценарий немесе балет орындаушылығы («драмалық қойылым»); классикалық үзіндіні ойнау, мысалы Бетховеннің Бесінші симфониясын оркестрмен орындау немесе топ тың поп жанрындағы әнді орындау («музыкалық орындаушылық») анық кіреді.

Алайда, «орындаушылық» анықтамасының нақты емес тұстары мен көрінеу шектеулері де бар. Біріншіден, орындалған туынды орындаушылық орын алғанға дейін өмір сүруі керек пе, жоқ па деген сұрақ. 1988-жылы қабылданған АҚДПЗ-ның (CDPA) 180-бөлімінің тұжырымы бойынша, бұның музыкалық немесе драмалық туындыларға қатысы жоқ, өйткені (2)-тармақша музыкалық немесе драмалық орындаушылықты білдіріп тұр.

Тақырыпқа ары қарай тереңдемес бұрын, халықаралы және аймақтық келісімшарттарда аудиовизуалды орындаулар мен фонограммалардағы орындаулардың арасында айырмашылық жиі жүргізіледі. Айырмашылықтардың неге жүргізілетіні түсінікті болғанымен (киноиндустрияның кей бөлігі, орындаушыларға құқықтардың берілуінен, кинокомпания фильмді пайдалана алмай қалады деп қорқады), олар толығымен қанағаттандырарлық емес.

Орындаушылыққа берілетін құқықтардың бенефициарлары орындаушы (немесе орындаушылар).

Басқа юрисдикциялармен салыстырғанда, Біріккен Корольдік заңнамасынан көмекші орындаушыларды қорғау аясынан алып тастау мәселесі көтерілген емес. Демек, тәжірибе жүзінде, орындаушылыққа қатысқан барлық тұлғалармен келісімшартқа отыру керек, олардың ішіне, сессиялық музыканттар, есімдері аталған әртістер, қосымша тартылған әртістер және танымал әртістер кіреді.

1988-жылы қабылданған заңда айрықша келісімшарттарға қатысты арнайы ережелер бар. 185-бөлімде айрықша жазба келісімшарты былай деп анықталған:

... орындаушы мен өзге тұлғаның арасындағы келісімшарт бойынша, тұлға оның бір немесе бірнеше орындаушылығын ары қарай коммерциялық пайдалану мақсатында жазып алу үшін қалған барлық тұлғаларды шығарып тастауға құқылы.

Осындай құқықтары бар тұлға өкілетті болса, оған орындаушының мүліктік емес құқықтарымен бірдей құқықтар беріледі. Атап айтқанда, кез-келген жазба жасағысы келген адамға олардың рұқсатын алу керек болады.



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім
Дәріс: Авторлық құқықпен байланысты құқықтар
Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

Орындаушылардың қорғау құқықтарының төрт типі бар: мүліктік емес құқықтар; мүліктік құқықтар, өтемақы құқықтары; және моральдық құқықтар.

Орындаушы жанды орындаушылығын жазып алуға рұқсат ету құқығына ие. Сонымен қатар, олар трансляцияланып жатқан жанды орындаушылықты жазып алуға тиым сала алады, яғни «бутлеггерлікке» тиым салады. Орындаушылар өздерінің жанды өнер көрсетулерін трансляциялауға да тиым сала алады. Фиксацияланған жазбаларды жаппай дистрибуциялау пайдал болмай тұрып, бұл құқықтың маңызы зор болатын.

Орындаушыларда өз орындаушылықтарына деген мүліктік құқықтар бар. Орындаушының мүліктік құқықтарына өз орындаушылығының жазбасының көшірмелерін жасау, көпшілік үшін жазбаларының көшірмелерін шығаруға, көшірмелерді прокатқа немесе жалға беру және орындаушылығын сұраныс бойынша қызметке енгізу кіреді.

Орындаушыларда екі «өтемақы құқығы», бір прокат құқығы және көпшілікке тарату құқығы бар.

Екі төлемақы құқығы да коллекторлық қоғамға ғана беріле алады. Тиісті келісім болмаса, авторлық құқық жөніндегі Трибунал роялти мөлшерін белгілей алады. Осы уақытқа дейін Трибунал әділ төлемақы мөлшерін анықтаған іс болып көрген жоқ.

«Қолжетімді ету» құқығына байланысты, оның басқаға «берілуі» туралы мәселе орындаушылар тарапынан біраз наразылықтар туындады. Бұл, орындаушылар жазба жасауға келісімшарттарға отырғанда, қолжетімді ету құқығын беріп жіберетіндігімен байланысты. Ал фонограммаға түсірілген орындаушылықтарының фиксациялары «көпшілікке таратылғанда», орындаушыларға «әділ өтемақы» төленеді.

Орындаушыларға атрибуция мен біртұтастық моральдық құқықтары беріледі. Авторлардың моральдық құқықтары сияқты, бұлар да басқаға берілмейді, бірақ олардың күшін жоюға және дүниеден өткен соң басқаға беруге болады.

Атрибуция құқығы жанды орындаушылыққа, орындаушылықтың кез-келген жанды трансляцияларына және дыбыс жазбасына түсірілген орындаушылықтардың дистрибуциясы мен көпшілікке таратылуына қатысты қолданылады.

Қолсұқпаушылық құқығы барлық орындаушылық түрлерінің жанды трансляцияларына және орындаушылық кіріктірілген дыбыс жазбаларын көпшілік алдында ойнату және таратуға қолданылады. Аталған орындаушылық түрлері бұрмаланса, бұра тартылса немесе орындаушының беделіне нұқсан келтіретіндей өзгертілсе, орындаушылар қарсылық білдіруге құқылы.

Орындаушыларға ұсынылатын құқықпен қорғалу мерзімінің ұзақтығы орындаушылықтың түрі мен оның қалай жүзеге асқанына байланысты. Жалпы алғанда, орындаушылардың құқықтары орындаушылық орын алған жылдың соңынан бастап 50 жылға беріледі. Алайда, егер орындаушылық түсірілген жазба аталған периодта шығарылса, құқықтар, шығарылған жылдан бастап 50 жылға созылады.

Алайда, орындаушылық дыбыс жазбасына түсірілген болса, қорғау мерзімі алдымен, орындаушылықтың фиксациясынан кейінгі 50 жыл, ал жазба шығарылғаннан кейін 70 жыл. Бұл күрделі компромисс қамтылған заңнамалық түзетудің нәтижесі.

Біріншіден, дыбыс жазбасына деген авторлық құқықтардың өзінде «пайдалан немесе айрыласың» деген міндеттеме бар.60 Нақты айтқанда, 50 жыл біткен соң, егер орындаушы дыбыс жазбасының пайдаланылмауына байланысты меншік құқықтарын беруді тоқтатуға шешсе, дыбыс жазбасындағы авторлық құқық анықталуы мүмкін.

Екіншіден, дыбыс жазбасының қорғау мерзімі 50 жылдан 70 жылға ұзартылғанда орындаушыларға қосымша периодтағы қосымша артықшылықтарға ие болды. Біріншіден, жазба продюсерлерінен роялти алуға құқылы орындаушыларға, қосымша период кезінде сол төлемдер «продюсерге төленуге тиіс сомдан ұстап қалуға немесе шегеруге рұқсат беретін келісімдегі қандай да болмасын ережеге қарамастан» төленіп тұруы тиіс.

Үшіншіден, тек «бір реттік төлем» төлеуге рұқсат етілген орындаушыларға қатысты (мысалы, белгілі бір қойылымға үлес қосушы «сессиялық музыкант»), күрделі ереже продюсерден жыл сайын, сатылымнан түскен пайдадан «жалпы өнімнің» 20 процентін құрайтын бір реттік төлем (оның ішіне интернетке жүктеуден түскен пайда да кіреді) жасап тұруды талап етеді.

Авторлық құқық сияқты, мүліктік немесе мүліктік емес құқықтар азаматтық және қылмыстық істерде қолданыла алады. Заңдық міндеттердің бұзылуына қарсы құралдар бар, атап айтқанда, сот тиымдары, зиянды өтеу немесе пайданы есептеу. Құқық иесі заңдағы көрсетілген бірқатар құқықтарға қатысты құқықбұзушыларды сотқа бере алады.



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім
Дәріс: Авторлық құқықпен байланысты құқықтар
Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

Шетелдік орындаушылардың орындаушылықтары немесе өзге елдерде орын алған орындаушылықтар, егер олар «біліктілік» талаптарына жауап берсе, Біріккен Корольдікте қорғалады. Орындаушылық «біліктілік талаптарына жауап беретін орындаушылық» болып, егер ол «тиісті тұлғаның» орындаушылығы болса және «тиісті елде» жүзеге асса табылады. «Білікті тұлға» дегеніміз «білікті елде» тұратын немесе сол елдің азаматы болатын тұлға. «Білікті ел» дегеніміз Біріккен Корольдік немесе Еуропалық экономикалық Аймақтың (ЕЕА) басқа да мүше елдері, Рим Конвенциясының қатысушы елі⁷⁹ немесе 1988-жылы қабылданған заңның 208-бөлімінде көрсетілген ел деп анықталады. 80 208-бөлім Тәжге, басқа да елдерді Кеңестің бұйрығы арқылы білікті етуге өкілеттік береді.⁸¹ Білікті елдер егжей-тегжейлі төрт категорияға бөлінген.

(i) 9-бап Рим Конвенциясының қатысушыларына арналған, алайда онда 16(1)(a)-бабына байланысты ескертпелер бар. Олар бойынша қорғаныс аясы тарылады. Орындаушының дыбыс жазбасын көпшілікке тарату үшін бір реттік өтемақы талап ету құқығы болмайды.

(ii) 10-бап ДИМҰ ОФҰ-ға (WPPT) мүше елдерге және соған талаптанушы елдерге (мысалы Австралия) қатысты. Ол да қорғаныс аясын тарылтады және оған байланысты, көпшілікке таратылғаны үшін бір реттік әділ өтемақы талап етіле алмайды.

(iii) 11-бапта ДИМҰ ОФҰ-ға (WPPT) мүше болатын, бірақ Рим Конвенциясына мүше емес (Канада, Қытай, Гонг-Конг, Индонезия, Малайзия және Сингапур) елдерді қамтиды. Орындаушылықтың мұндай елмен байланысты екенін көрсететін талап етілетін факторға шектеулі қорғаныс беріледі. Ол бойынша көшірмелерді көпшілікке жалға беруге болмайды.

(iv) 12-бап, тек Дүниежүзілік Сауда Ұйымына мүше елдерді (Үндістан, Жаңа Зеландия, Пәкістан және Оңтүстік Африка) қамтиды. Ол бойынша 11-баптағыдай, қорғаныс амалдары шектеледі, әрі оған «қолжетімді ету» құқығы кірмейді.

Айрықша жазба келісімшартының тарапы болатын тұлғаға балама құқықтар беретін 1988-жылы қабылданған заңның 185-бөлімі, лицензиат «біліктілік талаптарына жауап беретін тұлға» болса ғана құқық береді. «Білікті тұлға» дегеніміз, «білікті елмен» барынша байланысты «білікті жеке адам» немесе заңды тұлға.

Көптеген түрлі технологиялар ақпаратты ұйымдастырады және реттейді: энциклопедиялар, картотекалар мен оқулықтардың барлығы ақпаратты пайдалану форматына айналдыруға көмектеседі. Мәліметтер базалары солардың бір мысалы. Мәліметтер базалары қандай да бір формада болмасын ұзақ уақыт бар екеніне қарамастан, цифрлық технология мәліметтер базаларын трансформациялап оларды пайдалану ісін жандандырды. Атап айтқанда, цифрлық мәліметтер базалары кең ауқымды ақпарат базаларына деген қолжетімділікті оңайлатты. Олардың арасында заңгерлерге танысы Lexis және WestLaw мәліметтер базалары, соынмен қатар Index to Legal Periodicals and Books сияқты CD-ROM-дарды айтуға болады. Аталған құралдардың құндылығы, ақпараттың қалай реттелгенінен емес, оның кең ауқымдылығында, әрі оларға қол жеткізудің жолының қапарайымдығында. Мәліметтер базасын жасау көп қаржыны қажет еткенімен, оларды көшірмелеу оңай. Бұл олардың интеллектуалдық меншік құқығының аясында қорғалуына негіз болады.

Мәліметтер базасы құқығы, 1998-жылдың 1-қаңтарына дейін немесе одан кейін жасалған мәліметтер базасында болатын мүліктік құқық». Мәліметтер базасы дегеніміз, дербес туындылардың, мәліметтердің немесе өзге де материалдардың жүйеленген немесе әдістемелік тұрғыдан ұйымдастырылған және электрондық немесе өзге де құралдар арқылы жекелеген түрде қолжетімді жинағы» деп анықталады.

Ақпаратты «алу» әрекетінің ақпаратты жасаудан айырмашылығы бар сыңайлы: ақпаратты жасаудағы инвестиция сәйкес келмейді. Инвестиция дегенді «дербес материалдар жасауға кеткен емес, қолданыстағы дербес материалдарды іздеуге және оларды мәліметтер базасына жинақтауға кеткен ресурстар деп түсіну керек». Демек, жарысқа қандай аттар қатысады деген шешімді шығаруға кеткен инвестиция мәліметтер жасауға кеткен инвестиция деп есептеледі, сондықтан мұндай материалдардың жиынтығы айтарлықтай инвестиция құюдан туындаған мәліметтер базасы емес деп танылды.

Негізгі қорғалу мерзімі 15 жыл. Атап айтқанда, мәліметтер базасы құқығы, мәліметтер базасы жасалған жылдың аяғынан бастап 15 жыл мерзімге беріледі. Алайда, мәліметтер базасы көпшілікке 15 жыл қорғалу уақыты бітпей тұрып қолжетімді етілсе, оның қорғалу мерзімі сол қолжетімді етілген жылдан бастап ары қарай тағы 15 жылға ұзарады. Мәліметтер базасы құқығы мерзімі 30 жыл болуы да мүмкін (және ол ары қарай ұзартылуы да мүмкін, бұл туралы кейінірек айтылатын болады). Егер мәліметтер базасының көшірмелерінің жарияланған нұсқаларында олардың қай жылы алғаш жарияланғаны туралы белгі тұрса, оған қайшы келетін пікір дәлелденбейінше, сол ақпарат дұрыс деп есептеледі.



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім
Дәріс: Авторлық құқықпен байланысты құқықтар
Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

Мәліметтер базасын «жасаушы» мәліметтер базасы құқығының бірінші иегері. Қызметкерлерге қатысты ережеден тыс жағдайларға сай, мәліметтер базасын жасаушы дегенімізмәліметтер базасының мазмұнын (контентін) жинайтын (табатын), тексеретін немесе ұйымдастыратын (презентациялайтын) және осы жинау, тексеру, ұйымдастыруға инвестиция салу тәуекеліне баратын адам. Мұның мағынасы, жасаушы инициатива мен тәуекелді өзіне алатын адам болуы тиіс. Егер бір адам тәуекелді қабылдап, ал екіншісі инициатива білдірсе, онда бірлесіп жасаған туынды болуы мүмкін. Қызметкер жасаған мәліметтер базасы болса, егер шартта өзгеше жағдай қарастырылмаса, оның иесі жұмыс беруші болады.

Бірқатар презумпциялардың болуы меншік құқығын дәлелдеу ісін оңайлатады. Мәліметтер базасының жарияланған көшірмелерінде немесе мәліметтер базасы жасалған кезде оны жасаушының есімі жазылып тұрса, сол есімі көрсетіліп тұрған адам мәліметтер базасының жасаушысы және оны еңбек қатынасы барысында жасады деп есептеледі. Мәліметтер базаларының көшірмелері жарияланған күйінде белгі басылған болса, әрі онда мәліметтер базасын кімнің жасағаны көрсетіліп тұрса, сол лейбл немесе белгі дұрыс деп танылады. Екі презумпцияны да жоққа шығаруға болады.

Құқық иесінің рұқсатынсыз, мәліметтер базасының мазмұнының толық немесе айтарлықтай бөлігін «алса» немесе «қайталап пайдаланса» құқық бұзылады. Мәліметтер базасының құқық иесі, қарастырылып отырған құқықбұзушы материалды оның мәліметтер базасынан тікелей немесе жанама жолмен алғанын дәлелдеуі керек.

«Алу» дегеніміз, мазмұнды өзге медиумға тұрақты немесе уақытша, кез-келген жолмен немесе формада тасымалдау дегенді білдіреді.

Көпшілікке кез-келген жолмен қолжетімді етілген мәліметтер базасының заңды пайдаланушысының мазмұнның айтарлықтай емес бөлігін кез-келген мақсатта алуға және қайталап пайдалануға құқы бар.

Мәліметтер базасы туралы директиваны, көбісі, қорғаушы әлеуеті тым күшті деп сипаттағанымен, Еуропа Соты қарастырған істердің нәтижесінде шектен тыс қорғау құралдары алынып тасталды (бір дереккөзден алынған мәліметтер базалары қорғанысының қолжетімділігін шектеу арқылы).

Авторлық құқықты қолдау үшін технологиялық қорғау шараларын пайдалану ісі күрделі де ауқымды заңдармен күшейтілген. Олар мұндай технологиялық қорғау шараларын айналып өтуге тиым салады. Күшейту азаматтық және қылмыстық әрекеттерді қамтиды. Бұл күрделі тақырып, сондықтан оны авторлық құқықты екіншілік бұздан бөлек, бірақ «аралас құқық» ретінде қарастырған дұрыс, оған екі себеп бар: біріншіден, аталмыш шаралар тек авторлық құқықпен қорғалған туындыларды қорғау шараларымен ғана шектелмейді, сонымен қатар ол орындаулар мен sui generis мәліметтер базасы құқығын да қорғайды; екіншіден, әрекет ету азаматтық құқықтары көбінесе шараларды туындыға қолданатын құқық иесіне ғана емес, сонымен бірге қорғалған басылымдарды жасайтын тұлғаға да немесе қолданылатын технологиялық шараның интеллектуалдық меншік құқықтарына ие кез келген тұлғаға да беріледі.

1988-жылы қабылданған АДПЗ-да (CDPA 1988) енгізілген өзгерістерімен бірге алғанда, тұлғаның, өзгелер пайдалана немесе ала алмайтын туындыларға қолжетімділікті оңайлататын жағдайларды қамтитын үш түрлі категорияға бөлінген ережелер бар. 169 296ZA–ZF-бөлімдеріндегі бірінші категория, компьютерлік бағдарламалардан басқа авторлық құқықпен қорғалған туындыларға қолданылатын тиімді технологиялық шараларға қатысты және ол Ақпараттық қоғам туралы директиваның 6-бабын жүзеге асыруға бағытталған.

Директива, мүше-мемлекеттерден, тиімді технологиялық қорғау шараларын, оларды айналып өтетін құралдардың өндірісінің және оларды сатудың алдын алу арқылы, құқықтық қорғауды қамтамасыз етуді талап етеді. Біріккен Корольдікте, ереже азаматтық және қылмыстық шаралар арқылы жүзеге асады. Қылмыстық жауапкершілікті қосу, аталған әрекеттердің авторлық құқық иесінің мүдделеріне қатты зиян келтіретін әрекеттер ретінде қарастырылатынын білдіреді. Түптеп келгенде, қалың көпшіліктің технологиялық қорғау шараларын немесе бақылау шараларын бұзып отыруға уақыты да, құралдары да жоқ. Тек, коммерциялық тұрғадан алғанда қолжетімді құралдар немесе қызметтің көмегімен ғана, технологиялық шараларды айналып өту кеңінен тарала алады.

Азаматтық талап-арыздар қылмыстық талап-арыздарға қарағанда көбірек әрекеттерді қамтиды (және қылмыстық ережелерге қарағанда, тиімді технологиялық шараларға, орындаушылықтарға, мәліметтер базасы құқығына және жариялау құқығына қолданылатын mutatis mutandis қолданылады).

Осы ережелердің сақталуын қамтамасыз ету үшін азаматтық талап арыздарды бірқатар тараптар бере алады: авторлық құқықтар иелері немесе олардың айрықша лицензиаты; көпшілікке тарату үшін технологиялық қорғау шараларымен қорғалған туындының көшірмелерін шығаруға құқылы тұлға; «тиімді технологиялық қорғау шараларына деген кез-келген интеллектуалдық меншік құқығының» иесі немесе



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім
Дәріс: Авторлық құқықпен байланысты құқықтар
Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

айрықша лицензиаты.192 Сауатсыздыққа байланысты қорғаныс жоқ.

Тұлға, компьютерлік бағдарламаға қолданылған кез-келген «техникалық құрылғыны» айналып өтуді оңайлататын екі әрекеттің біріне барса, 296-бөлім бойынша әрекет етудің азаматтық құқығы беріледі. Ережелердің үшінші жинағы трансмиссияларға қатысты қолданылатын қорғау шараларына байланысты.

1988-жылы қабылданған заңның (CDPA) 297-бөлімі бойынша, Біріккен Корольдіктен таралатын, трансляция қызметіне енізілген бағдарламаны алаяқтық жолмен қабылдау үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған.

Ақпараттық қоғам туралы директиваның 7-бабы, «құқықтарды басқару туралы электрондық ақпаратты» қорғайтын ережелерді енгізуді талап етеді. «Құқықтарды басқару туралы ақпарат» дегеніміз, туындыны, авторды, авторлық құқық иесін интеллектуалдық меншіктің кез келген құқықтарының иесін, туындыны пайдалану шарттары туралы ақпаратты немесе кез келген цифрларды немесе осындай ақпаратты беретін кодтарды анықтайтын, авторлық құқықтар иелеріне берілетін кез келген ақпарат.

Кітапқа деген авторлық құқықтар, авторларға, олардың туындылары көшірмеленген жағдайда оларды бақылап (және өтемақы талап етуге) мүмкіндік бергенімен, олар, бірнеше адамның бір кітапты оқуының алдын ала алмайды. Әдетте, кітапханадан кітаптар қайта-қайта алынғанда осылай болады. Кең ауқымды болған кезде (Англиядағы көпшілікке арналған кітапханалар жылына 250 миллион кітапқа дейін оқуға береді) жалға алу туындының сатылымын азайтатындықтан. Негізінде, автор,239 £8 миллион фунт стерлингтен тұратын мемлекеттік қордан жылына £6600 фунт стерлингке дейін алып тұруға деген құқығын тіркей алады. Құқық, авторлық құқық сияқты уақыт кезеңіне беріледі.241Схемаға ілігу үшін, авторлардың негізгі тұрғылықты жері тізімде бар елдерде болуы керек (қазіргі кезде ол ЕЭА елдері).

Авторлық құқықпен «байланысты» соңғы құқық droit de suite немесе «қадағалау құқығы».246 Droit de suite (сөзбе сөз аудармасы туындыны «қадағалау құқығы»), өнер иелеріне, туындыны қайта сатудан түскен соманың бір бөлігін талап етуге мүмкіндік береді. Бұл құқықтың негізінде жатқан идея, суретші әлі танымал болмай тұрғанда, картинасын анағұрлым төмен бағаға сатуы, әрі нарықтағы саудаласу мүмкіндігі аз болуы мүмкін. Уақыт өте келе, суретші танымал бола түссе, оның картинасы барынша қымбатырақ бағаға сатылуы мүмкін. Droit de suite, суретшіге, ұлғайған құнның бір бөлігіне талаптануға мүмкіндік береді. Құқық, шығармашылыққа ынталандыратындықтан ғана емес, сонымен қатар, суретші (авторға сілтеме жасалу арқылы) өзінің туындыларының құнын өсіруге (экономикалық жетістік) жауапкершілікті сезінетіндіктен де ақталады.

Білдірілген алаңдаушылықтардың ішіндегі ерекшесі, «жоғары қарай» үйлестірудің нәтижесінде, заманауи өнер туындылары Еуропадан тыс жерлерде сатылуға әкелетіндігіне қатысты болды. Олар Нью-Йорк, Швейцария немесе Гонг-Конг сынды елдердегі аукцион үйлерінде сатылатын болады, ал онда сатушыдан мұндай «салық» талап етілмейді. (Калифорнияда droit de suite енгізілгенде, Сотби сол жердегі өзінің аукцион үйін жапқан болатын).Алайда айтылған сын мен күмәндар құқықтан бас тартуға негіз бола алмады, дегенмен, енгізілген droit de suite, алғашқы ұсынылған нұсқасынан қарағанда анағұрлым шектелген және оны жүзеге асыру барысында мүше-мемлекеттерге үлкен еркіндік берілген.

Біріңғай цифрлық нарықтағы авторлық құқық туралы 2016-жылғы ұсынылған директиваның 11-бабында, Комиссия баспасөз баспагерлеріне қатысты «аралас құқық» ұсынды.